

ALMATY

АЛМАТЫДА ҚҰСТАР
НЕГЕ АЗАЙДЫ?

6-бет

DENSAҰLYQ

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ»
ЖЕДЕЛ МЕ?

7-бет

TALBESİK

ҚҰМАРШЫҚ – НӘРЛІ
ТАҒАМ ҒАМ ЖЕҢСІК АС

10-бет

DIDAR

БОБИКОВ «ӘЛЕМ БАРЫСЫ»
АТАНДЫ

12-бет

Қатарлық банктің филиалы ашылады



Сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Орталық банкінің төрағасы Абдалла Әл Тани бастаған ірі қаржы құрылымдарының басшыларымен кездесті. Кездесу барысында қаржы саласындағы өзара іс-қимылдар, инвестиция тарту және «Астана» халықаралық қаржы орталығы аясындағы мәселелер талқыланды, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қазақстан Президенті Қатар делегациясының осы сапары өзара ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беруі тиіс екенін атап өтті.

– Биылғы маусым айында Душанбеде Қатар Әмірімен кездестім. Сол кезде біз екі мемлекет арасында дәнекер болатын нақты іс-қимылдарды күшейту жөнінде уағдаластық. Мен оны Қазақстан астанасына ресми сапармен келуге шақырдым. Осыған байланысты сіздердің сапарларыңыздың біз үшін маңызы аса зор деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Қатар Орталық банкінің төрағасы

Абдалла Әл Тани өз елінің басшылығының Президентке, Үкіметке және Қазақстан халқына жолдаған сәлемін жеткізді.

– Екі ел арасындағы қарым-қатынастардың жоғары деңгейде дамып келе жатқанын білесіздер. Біздің сапарымыз осы үрдіске қолдау көрсету болып саналады. Елдеріміздің қаржылық құрылымдары арасында терең әрі тығыз байланыстар орнаған. Біз бір-бірімізбен банк, қаржы және инвестиция бағыттары бойынша ынтымақтастық жасап келеміз. Кеше «Астана» халықаралық қаржы орталығының базасында Қатардағы ірі банктердің бірінің

филиалын ашу жөнінде уағдаластық, – деді Қатар қаржыгері.

Сонымен қатар ол екі ел арасындағы тікелей әуе қатынасының тезірек ашылуы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайта түседі деген пікір айтты.

Делегация құрамында Қатар Қор биржасының басқарма төрағасы Рашид әл-Мансури, «Masraf Al Rayan» банктер тобының төрағасы Хусейн әл-Абдалла, «Qatar International Islamic Bank» банкінің басқарма төрағасы Абдул Басит әл-Шайби, «Qatar National Bank» банкінің басқарма төрағасының міндетін атқарушы Абдулла әл-Халифа, Қатар қаржы орталығының Реттеуші ведомствосының басқарма төрағасы Майкл Раян, «Commercial Bank of Qatar» банктер тобының басқарма мүшесі Мохамад Мандани әл-Эмади және Қатардың Қазақстандағы елшісі Абдулазиз әл-Румейхи болды.

Көңіл айтты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысында болған қайғылы жол апатына байланысты көңіл айтты.

«Қызылорда облысында автобус апатынан қаза тапқан адамдардың туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Зардап шеккендердің отбасыларына қажетті көмек көрсетіледі. Жол қауіпсіздігі тиісті ведомстволар мен әкімдіктердің ерекше назарында болуы тиіс», деп жазды Президент твиттердегі парақшасында.

Қылмыстық іс қозғалды

Кеше «Қызылорда – Құмкөл» тасжолында жолаушылар автобусы аударылып, оқиға салдарынан 8 адам қаза тауып, 21 адам ауруханаға жатқызылды. Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте мамандар оқиғаның жай-жапсарын айтып, журналистер сауалдарына жауап берді.

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Бектөре Сұлтаннның айтуынша, «South Oil» серіктестігінің жұмысшылары отырған автобус Құмкөл кенішінен түнде шығып, Шымкент қаласына қарай бағыт алған. Олардың апатқа ұшырағандығы жайлы хабар облыстық төтенше жағдайлар департаментінің «112» құтқару қызметіне таңғы сағат 4:25-те түскен. Департамент басшысы жолдағы көктайғақ салдарынан аударылған көліктегі 36 адамға көмек көрсетуге тиісті сала мамандарының жедел жеткенін атап өтті. Қазір жол апатына байланысты қылмыстық іс қозғалған.

– Қазір автобуста болған азаматтардың жеке бастарына қатысты мәліметтер анықталуда.

Бұл оқиға бойынша Қылмыстық кодекстің 345-бабының 4-бөлігі бойынша тергеу амалдары басталып, тиісті сараптама тағайындалды, – деді Б.Сұлтан.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Олжас Ысқақовтың айтуынша, зардап шеккендерге алғашқы көмекті оқиға орнына 7 жедел жәрдем көлігімен жеткен дәрігерлер көрсеткен.

Жарақат алған 21 адам облыстық медицина орталығы мен қалалық ауруханаға жатқызылды. Ауыр жарақаттанған 6 адам жансақтау бөліміне жеткізіліпті. Автобуста болған жолаушылардың 16-сы орташа деңгейде, 7-еуі жеңіл-желпі жарақаттанған. Оларға республикалық шұғыл медициналық көмек орталығы тарапынан да қолдау көрсетілуде.

Қызылорда облысы